



0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»

Біліктілігі: 0101013 "Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі"

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту - білімнің алғашқы баспалдағы мектепке дейінгі тәрбие мен білімнен басталады. Олай болса, балабақша тәрбиешісі болу – кез келген өнер сияқты көп қырлы және қызық еңбек. Балалар үшін ол

барлығын білетін ұстаз, ойын кезіндегі жолдасы, жан-дүниенді түсінетін жақын адам. Тәрбиеші дегеніміз – балалардың ақыл сұрап баратын данасы, ересек досы.

Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісінің кәсіптік құзіреттілігі:

- Жалпы және мектепке дейінгі педагогиканы, психологияны, жасерекшелік физиологиясын, гигиена және дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық көмек көрсету негіздерін білу және қолдану;
- Қарым-қатынас этикасын, балалардың психологиялық, анатомиялық-физиологиялық даму ерекшеліктерін және балалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін экстремалды жағдайларда әрекет ету тәртібін білу;
- Тәрбие беру жұмысының функциялары мен мазмұнын, балар ұжымын диагностикалаудың әдістерін білу;
- Пәндерді оқыту әдістемелерін меңгеру, тәрбиелеу мен оқытудың қазіргі заманғы әдіс тәсілдерін құралдары мен нысандарын қолдану;
- Балалардың танымдық және ақыл-ой қабілеттерін дамыту, оқу іс –әрекетін қалыптастыру;
- Балаларда эстетикалық қабылдау мен пайымдауларын қалыптастыру, көркемдік талғамдары мен шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Балаларды мәдени гигиеналық дағдыларға үйрету және оларды саналы түрде орындауға тәрбиелеу, шаруашылық – тұрмыстық еңбек ету дағдыларын қалыптастыру;
- Балаларда қоршаған ортаның қарапайым құбылыстары туралы дұрыс түсінік қалыптастыру, танымдық психикалық процестерін дамыту;
- Режимдік процесстерді және оқыту іс-әрекеттерін ұйымдастыру тәсілдерін меңгерту;
- Мектепке дейінгі жастағы балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып оқыту мен тәрбиелеудің нақты міндеттерін анықтау;
- Баланы эстетикалық дамытудың тәсілдерін меңгеру, ән айтуға, сурет салуға, би билеуге үйрету, баланың бос уақытын театрға, киноға, музейлерге жорықтар және т.б. ұйымдастыру. Музыка, этика, және эстетика, бейнелеу өнерін оқыту ;
- Әр түрлі жастағы балаларға арналған, олардың қабілетін дамытатын үстелүстілік, дидактикалық компьютерлік, интеллектуалдық ойындарды ұйымдастырудың әдістерін меңгеру.

Мерзімі: 11 сыныптан кейін: 2 жыл 10 ай;

9 сыныптан кейін: 3 жыл 10 ай.